

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы
Ақтау қалалық тіркеу және жар кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2021 ж. «18» қаңтар жүргізілді

БСН 100440021352

№ 4201-1993-КАД-МК

Бастапқы тіркелген күні
20 10 ж. «16» сәуір



Маңғыстау облысы әкімдігінің
2021 жылғы «5» қаңтар
№ 3 қаулысымен
бекітілді

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша
білім бөлімінің «№ 35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

Ұйымдастыру –құқықтық нысаны:
кәсіпорын

- Мемлекеттік коммуналдық қазыналық

Меншіктің түрі:

- коммуналдық

Орналасқан жері:

- 130000, Қазақстан Республикасы,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
12 шағын ауданы, 58 ғимарат

Ақтау қаласы 2021 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Ақтау қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 25 ақпандағы №205 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Маңғыстау облысының әкімдігі (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Маңғыстау облысының білім басқармасының «Ақтау қаласы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№35 «Балдырған» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 шағын ауданы, 58 ғимарат.

2-тарау. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуының

бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, күту және сауықтыру бойынша, оның ішінде бір жастан 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі тәрбиеленушілер үшін инклюзивті білім беруді іске асыру үшін көрсетілетін қызметтер көлемін орындау болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын іске асырады;

2) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бір жастан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балаларды қабылдауды жүзеге асырады.

3) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес білім беру және тәрбие процесін (оның ішінде оқыту мен тәрбиелеудің тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі) жүзеге асырады.

Стандарт мынадай талаптарды айқындайды:

оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына:

білім беру және тәрбие қызметін:

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

Бағдарлама мазмұны:

күтілетін оқыту нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;

бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді жасауға;

кимылды, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік және дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын соның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;

тәрбие мен оқытудың психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындыққа;

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға;

креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сыныбы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тәрбиеленушілердің игеру мерзімі - 5 жыл.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне:

оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

ерте жас тобы (1 жастан бастап) – ұзақтығы 7-10 минуттан 7 сағат;

кіші топ (2 жастан бастап) – ұзақтығы 10-15 минуттан 9 сағат;

ортаңғы топ (3 жастан бастап) – ұзақтығы 15-20 минуттан 11 сағат;

ересек топ (4 жастан бастап) – ұзақтығы 20-25 минуттан 12 сағат;

мектепалды тобы, мектепалды сыныбы (5 жастан бастап) – ұзақтығы 25-30 минуттан - 17 сағат;

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне:

Кәсіпорын тәрбиеленушісі Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс.

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;

екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;

үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

Кәсіпорын түлегі келесідей сапаларды меңгеруі тиіс:

дене бітімі дамыған;

білуге құмар;

өзіне сенімді және белсенді;

эмоционалды елгезек;

әлеуметтік дағдыларды және ересектермен, құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген;

өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар;

орта білім беру ұйымында оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген.

Оқыту мерзіміне:

ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 5 жыл.

Білім беру процесінің қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогтер болып табылады.

Кәсіпорынның негізгі құрылымдық бірлігі топ болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

Кәсіпорын топтарының толымдылығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорында ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту төмендегідей қарастырылған:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында (үш тәрбиеленушіден артық емес);

тәрбие мен оқытудың арнайы оқу бағдарламасы бойынша бұзылыс түрлері негізіндегі арнайы топтарда.

Топта ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілер болған жағдайда топтарды жинақтау осындай бір тәрбиеленушіге тәрбиеленушілердің жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

Кәсіпорын бес күндік жұмыс аптасы бойынша толық болу режимінде (10,5сағат) жұмыс істейді. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі және мереке күндері. Жұмыс уақыты: сағат 8.00ден 18.30 ге дейін.

Кәсіпорын өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі;

1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді Кәсіпорыннан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйек пен келесі жылғы 25 мамыр аралығында жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

Кәсіпорында тәрбиеленушінің орны:

тәрбиеленуші ауырып, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда);

тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына 2 айдан артық емес демалысына жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар) енгізілген кезеңде сақталады;

Кәсіпорындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады;

Кәсіпорында тәрбие мен оқыту тілі қазақ тілінде, қажет болған жағдайда орыс тілінде жүзеге асырылады;

Кәсіпорын білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуін, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес орыс тілін үйренуін қамтамасыз етуі тиіс;

Кәсіпорынның педагог қызметкерлерінің және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды топтарының айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағаттан аспайды.

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес тәрбиеленушілерді Кәсіпорыннан шығарады.

Тәрбиеленушілер Кәсіпорыннан:

Кәсіпорын мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;

дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

5) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақылы қызмет көрсетеді.

Ақылы қызмет көрсету тізбесі мен тәртібі:

Кәсіпорын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде мынадай:

қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

білім алушылар, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беруге құқылы;

Кәсіпорын жұмыс күндері және демалыс күндері осы Кәсіпорынмен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға еңбекақы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

Кәсіпорында ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды; жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша тәрбиеленушілерді тамақтандыруға кететін шығындар жергілікті бюджеттен ішінара немесе толығымен өтеледі;

6) білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынас жасайды.

Кәсіпорын тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

Кәсіпорын мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы Кәсіпорынға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

Шартқа сәйкес ата-ана немесе заңды өкіл:

Кәсіпорын Жарғысы мен шартты сақтауға;

баланың тамақтануы үшін ағымдағы айға әр айдың 5-не дейін ақы төлеуге;

баланы тәрбиешіге жеке тапсыруға және одан алуға;

жақын туысқандарына, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандарға баланы Кәсіпорыннан алуды тапсырмауға;

баланың болмауы туралы алдын ала Кәсіпорынды уақытында хабардар етуге;

тұмау немесе жұқпалы аурулардың белгілері бар баланы басқа тәрбиеленушілер арасында таратпау үшін Кәсіпорынға әкелмеуге;

Кәсіпорынды себепсіз босатпауға. Бала сырқаттанып қалған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш күннен астам уақыт болмаған жағдайда Санитарлық ереженің 134-тармағына сәйкес денсаулығы туралы анықтама әкелуге;

педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда құрмет көрсетуге;

тәрбие мен оқытудың барлық мәселелері бойынша Кәсіпорынмен өзара іс-қимыл жасауға;

баланың денсаулығына және басқа балаларға байланысты өміріне қауіп келтіретін проблемаларды жасырмауға;

баланы, оның қызығушылықтарын ескере отырып: әдептілікке, төзімділікке және ұлтаралық келісімге; кибер мәдениетіне және кибер гигиенасына тәрбиелеуге;

баланың қажеттіліктерін ескере отырып, мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға міндетті.

Ата-ана немесе заңды өкіл:

балалармен жүргізілетін жұмысты жақсарту бойынша және Кәсіпорында қосымша қызмет түрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасауға;

Кәсіпорында баланың бейімделу кезеңінде белгілі бар уақыт ішінде екі тараптың келісуімен Кәсіпорында болуға;

екі тараптың келісімі бойынша баланың тамақтануы үшін төлемді белгіленген мерзімінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейінге қалдыруға;

Кәсіпорын Жарғысының және шарт талаптарының орындалуын талап етуге;

алдын ала Кәсіпорынды 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы;

7) педагогтердің жұмысын ұйымдастырады.

Кәсіпорында штат саны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

Педагогтердің штат бірлігі және тарифтеу Кәсіпорынның ресми сайтында орналастырылады.

Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам жіберіледі.

Педагог мәртебесі, педагогтің құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері және шектеулері, міндеттері мен жауапкершіліктері «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

білім алушылар және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде Кәсіпорынның қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

Кәсіпорынды басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

өзіне қатысты қабылданатын Кәсіпорын директорының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

білім алушылар және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

Педагогтің міндеттері. Педагог:

өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

педагогтік әдепті сақтауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

білім алушылардың және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

Кәсіпорын басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

құқық қорғау органдарына және Кәсіпорын басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде Кәсіпорыннан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагогтік әдеп жөніндегі кеңес.

Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің қызметі «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде Кәсіпорын айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады;

Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады;

педагогті тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешім педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы ескеріле отырып, Кәсіпорын директорының бұйрығымен қабылданады;

педагогтік әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;

қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;

өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;

шешімді жазбаша түрде алуға;

қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар;

педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

8) Кәсіпорын:

білім беру процесті ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуін;

Кәсіпорынның штатына кіретін медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілерді ағымдық медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруды;

Кәсіпорын директоры бекітетін он күндік ас мәзірін құрастыруды;

тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс тәртібін, оның жиілігін ескеріп, Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Жарғыға сәйкес айқындауды;

тәрбиеленушілерде соның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтану мен табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастыруды;

заңнамада белгіленген мерзімде және тәртіпте білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматты түрде ақпараттармен алмасуды және мәліметтерді өзектендіруді;

білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара әрекеттесудің регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

9) Отбасы мен баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін Кәсіпорында консультациялық пункт құрылады.

15. Кәсіпорын осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Кәсіпорын қызметінің мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органының шешімімен, немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

17. Маңғыстау облысының әкімдігі:

Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Уәкілетті орган:

Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кәсіпорын директоры оның органы болып табылады.

19. Уәкілетті орган Кәсіпорын директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

20. Кәсіпорын директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

21. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті органға кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады;

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін; таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.

11) бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

23. Кәсіпорында мынадай алқалы басқару органдары құрылады:

1) Қамқоршылық кеңес.

Қамқоршылық кеңес Кәсіпорын әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі:

Кәсіпорын білім алушылары мен тәрбиеленушілері құқықтарының сақталуына, сонымен қатар Кәсіпорын шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

Кәсіпорын жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

Кәсіпорынды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

қайырымдылық көмек түрінде Кәсіпорынға түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалыуы туралы шешім қабылдайды;

Кәсіпорын бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;

уәкілетті органға немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

Кәсіпорын директорының Кәсіпорын қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалыуы және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;

Кәсіпорын қызметімен, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен танысады, Кәсіпорын психологын қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі.

Қамқоршылық кеңесті сайлау, құрамын бекіту, жұмысын ұйымдастыру, тоқтату Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2) Педагогикалық кеңес.

Педагогикалық кеңес мынадай мәселелерді қарастырады:

оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;

оқу жұмыс жоспарларын бекіту;

білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;

инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;

Кәсіпорында педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды аттестаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу;

Кәсіпорынның үш тілде оқытуға ауысуы;

зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жеке жұмысты ұйымдастыру;

мектеп алды даярлық топтарына сабақ кестесін құрастыру;

білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;

тәрбиеленушілердің эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;

оқуы мен тәрбиесінде тұрақты қиындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;

кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау.

Педагогикалық кеңесті сайлау, құрамын бекіту, қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3) Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес.

Кәсіпорында әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестің жұмысы мынадай бағыттарды қамтиды:

оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;

білім беру ұйымдарында шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;

білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және

жетілдіру;

оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;

біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау;

сапа менеджменті жүйесін дамыту және оқу үдерісін әдістемелік әзірлемелердің нәтижесін енгізу жөніндегі ұсынымдарды дайындау;

білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;

білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

оқытушылардың оқу-әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық (тұрақты және уақытша) орталықтарының жұмысын ұйымдастыру;

педагогтік ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды басқару;

білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру және оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

білім беру саласындағы қызметкерлерді аттестаттауға қатысу.

Кәсіпорында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №644 бұйрығымен бекітіяген Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

24. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

25. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

26. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

27. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

28. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Жедел басқару мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

31. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

32. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

33. Кәсіпорын осы Жарғының 31 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

34. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

35. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорын жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативін есептеуде бірыңғай тәсілдемені айқындау және білім беру ұйымының жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру көлемі мен мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін жоспарлауды қолдану үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін басшылыққа алады.

36. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

37. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып

қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

38. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

39. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің уәкілетті органның келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

41. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорының қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

42. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

43. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган белгілейді.

44. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

45. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

46. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

47. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүргізіледі.

48. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Маңғыстау облысының әкімдігі жүзеге асырады .

49. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

50. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

51. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы орган не жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.

Тігілді, номерленді және мөрмен

бекітілді

37

бет

